

13.03.2020 ж.

Жаса, Наурыз, Дәстүрлі!

Халқымыздың ұлы күнге балаған, жыл басы санаған, ізгілік пен жақсылықтың, береке мен татулықтың мейрамы Ұлыстың Ұлы күні Наурыз мерекесі қарсыңында №2 облыстық әмбебап ғылыми кітапханасының оқу залында «**Жаса, Наурыз, Дәстүрлі!**» деген атпен кітап көрмесі ұйымдастырылды.

Көрменің мақсаты - оқырмандарды наурыз мейрамының шығу тарихымен, халқымыздың ежелден желісі үзілмей жеткен салт-дәстүр, әдеп-ғұрпымен таныстыру, қонақжай да дарқан қазақ халқының ұлттық тағамдарын насихаттап, жастарымзды өз ұлтына деген сүйіспеншілігін арттыру.

Кітап көрменің «*Нұр Наурыз- халық тойы*» атты алғашқы бөлімде көп жылдан соң қайта оралған ұлттық мерекеміз Наурыздың шығу тарихы мен оның түркі халықтарының мейрамдау нұсқалары туралы мәліметтер, қазақтың киіз үйі, қолөнері мен ұлттық құндылықтары туралы әдебиеттер қойылды. Екінші бөлім «*Қазақтың ақ дастарханы*» деп аталады. Наурыз мерекесінде ерекше әзірленетін дәстүрлі әрі ғұрыптық мәні бар тағам «Наурыз көженің» қалай пісіретіндігі, ұлттық тағамдардың түрлері мен

дайындалу жолдары, қазақтың қонақжайлығы жайында баяндалатын кітаптар ұсынылды. «*Салт-дәстүр-тәрбие көзі*» деген үшінші бөлімде атадан балаға ғасырлар бойы жалғасып келе жатқан халқымыздың бай салт-дәстүрлері мен әдеп – ғұрыптары терең қамтылған кітаптар топтастырлығын.

Бұл көрменің өз халқының мәдениеті мен этнографиясын танып білгісі келген әркімге пайдасы мол болмақ деген сенімдеміз. Көрме айдың



соңына дейін жұмыс жасайды.

